




**2025 ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР БОЙЫНША  
РЕТТЕМЕЛІ ҚЫЗМЕТ - ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН  
БЕРУ БОЙЫНША БЕКІТІЛГЕН ТАРИФТІК  
СМЕТАНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ, БЕКІТІЛГЕН  
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ  
ОРЫНДАЛУЫ, РЕТТЕМЕЛІ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ  
САПАСЫ МЕН СЕНІМДІЛІГІ  
КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ  
«АЛАТАУ ЖАРЫК КОМПАНИЯСЫ» АҚ  
ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ  
ЖЕТІСТІКТЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕПKE АҚПАРАТ**

# I. «АЛАТАУ ЖАРЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Шолу	АО «АЖК» АҚ АҚ өңірлік электр тораптық компания болып табылады.
Қызмет көрсету аймағы	«АЖК» АҚ қызмет көрсету аймағына ең ірі мегаполис және Алматы өңірі кіреді. Желілерге қызмет көрсету Алматы қаласы бойынша 7 ЭТА-мен Алматы облысы бойынша 11 ЭТА-мен жүзеге асырылады.
Қызметтер	Алматы қаласы мен өңірі бойынша электр энергиясын беру Компанияға тиесілі электр желілері арқылы жүзеге асырылады.
Теңгерімдік тиесілік	Алматы энергия өңіріндегі 220/110/35/6-10/0,4кВ кернеу класындағы электр желілері.

Тұтынушылар (31.12.2025ж. жағдай бойынша)	✓ Электр энергиясын берудің негізгі көлемі «АЖК» АҚ өз тұтынушыларына келеді, оларды энергиямен жабдықтауды «АЖК» АҚ Филиалы - «Энергосбыт» жүзеге асырады - 1 021 593 бірл.
	✓ (тұтынушылар:РБ-дан; Алматы қаласының бюджетінен; облыстық бюджеттен қаржыландырылатын өнеркәсіптер; ПИК; ауыл шаруашылық ұйымдары; тағы басқалар)
	✓ Тікелей тұтынушылар- 8 дана.
	- "АлЭС» АҚ
	- «МаА» АҚ
	- ТОО «КазФерроСталь» ЖШС
	- «KEGOC» АҚ АЭАЭЖ (ХН және ысыраптар)
	- «КТЖ» ҰҚ» АҚ филиалы- «Магистральдық желі дирекциясы»
	- «Мойнақ ГЭС» АҚ (ХН)
	- «Индустриалдық аймақ - Алматы» ЖШС
	- «КТЖ- Жүк тасымалдары» ЖШС



Қызмет көрсетілетін аумақ - 111 730,8 км<sup>2</sup>

ЭЖЖ желілерінің жалпы ұзындығы – 30 854,92 км.

35 кВ және жоғары қосалқы бекеттер саны – 206 дана.

6-10/0,4 кВ ТҚС және БП саны – 7 306 дана.

6-220 кВ трансформаторлардың жалпы саны– 8 878 дана, жиынтықты қуаты – 10 643 МВА.

2025 ж. тіркелген электр желілеріндегі ең үлкен жүктеме– 1 962 МВт

## 2. 2025 ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР БОЙЫНША БЕКІТІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«АЖК» АҚ 2021-2025 жылдарға арналған қолданыстағы Инвестициялық бағдарламасы ҚР Энергетика министрлігі жылғы 27 ақпандағы №98-ОД және ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2026 жылғы 24 ақпандағы №20-ОД және ҚР ҰЭМ Алматы облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 14 ақпандағы №34-ОД бірлескен бұйрығымен бекітілді.

2025 жылға 47 250 млн. теңге көлемінде бекітілген жоспар кезінде Инвестициялық бағдарламаның нақты орындалуы 46 549 млн. теңгені құрады, бұл дегеніміз жоспардың 99 % құрайды.

млн.теңге

Қаржыландыру көздері	2025 жыл			
	Жоспар	Факт	Ауытқу	Орындау %
<b>Барлығы</b>	<b>47 250</b>	<b>46 549</b>	<b>-701</b>	<b>99%</b>
Жарғылық капиталды ұлғайту	194	194	-	100%
Жекеменшік қаражаты	47 055	46 354	-701	99%

### Оның ішінде іс-шаралар:

Іс-шаралар атауы	Жоспар	Факт	Ауытқу	Орындау %
Таратушы электр тораптарды қайта құрылымдау	16 396	15 982	-415	97%
ЭЖЖ салу, қайта құрылымдау	2 730	2 622	-108	96%
ҚС салу, қайта құрылымдау	972	823	-149	85%
SCADA енгізу	6 510	6 485	-25	100%
6-10кВ/0,4 кВ электр желілерінің параметрлерін мониторингілеу жүйесін енгізу	16 146	16 143	-2	100%
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	3 100	3 097	-3	100%
Электр тораптары мен жабдықтарды күрделі жөндеу	1 395	1 396	1	100%
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>47 250</b>	<b>46 549</b>	<b>-701</b>	<b>99%</b>

2025 жылға Инвестициялық бағдарламаның орындалу қорытындылары бойынша жоспарлық көрсеткіштерден ауытқу 701 млн. теңгені құрады, оның ішінде келесідей себептермен:

- мердігерлік ұйымдардың орындау құжаттамасы негізінде орындалған жұмыстардың нақты көлемдерінің қорытындылары бойынша қалыптасқан үнемдеу – 433 млн. теңге;
- жүргізілген сатып алу шараларының қорытындылары бойынша үнемдеу – 24 млн. теңге;
- ТҚҚ 364-тармағына сәйкес, «АЖК» АҚ уәкілетті органға іс-шаралардың орындалу мерзімін 2025 жылдан 2026 жылға ауыстыру ескерілген Инвестициялық бағдарламаны түзетуге өтінім жолдады. Өтінімнің жалпы сомасы 2 344 млн. теңгені құрады. Уәкілетті органның өтінімді қарау қорытындылары бойынша іс-шараларды 2 100 млн. теңге сомасына ауыстыру келісілді, сонымен бірге, 244 млн. теңге сомасына ауыстыру қабылданбады.

13.08.2019 ж. №73 Табиғи монополия субъектілерінің қызметті жүзеге асыру ережесінің 5-қосымшасының 1-үлгісі бойынша ақпарат бөлек файлда ұсынылады. 1-қосымша

# 2021-2024 жылдары икемді объектілерді жөндеу және электрмен жабдықтау үшін 5 ҚС - Отырар ҚС, Алатау ҚС, №16 Новая ҚС, Топливая ҚС, 220 кВ-ЭЖЖ-мен "Ерменсай - Бесағаш - АЖЭО" Бесағаш ҚС пайдалануға асырудың нәтижелері

2021-2024 жылдары икемді объектілерді жөндеу және электрмен жабдықтау үшін 4 ҚС - Алтай ҚС, Мамыр ҚС, Есентай ҚС, Жас қанат ҚС іске қосылды. Қуаттың жалпы өсімі 1 852 МВА құрады.

Арман, Центральная, Самал, Сайран, Новозападная, Южная, Геологострой, Топливая, Талғар 110кВ-ҚС-ны қайта құрылымдау орындалды, бұл ретте қуат өсімі 307 МВА құрады.

Арман, Центральная, Самал, Сайран, Новозападная, Южная, Геологострой, Топливая, Талғар 110кВ-ҚС-ны қайта құрылымдау орындалды, бұл ретте қуат өсімі 307 МВА құрады.

"Горный Гигант" №131А 220/110/10-6кВ-ҚС жүктемесін "Ерменсай" 220/110/10-6кВ-ҚС-ға 110кВ тораптармен көшіру, кейіннен 131А-ҚС-ны бөлшектеу жұмыстары аяқталды. Барлық жаңадан салынған ұзындығы 10,295км Ж№110А, Ж№111А, Ж№163А, Ж№164А кәбілдік желілер және №148А, №153А 110кВ-ЭЖ жұмыс кернеуіне қосылды және жүктемеге қойылды, осылайша "Горный Гигант" ҚС жүктемелері "Ерменсай" ҚС-ға ауыстырылды, "Горный Гигант" ҚС-ны бөлшектеу жүргізілді. Бұл жұмыстар "Горный Гигант" ҚС-да қалыптасқан төтенше жағдайға байланысты, топырақтың опырылуына және ҚС-ның қирау қаупі жоғары болғандықтан орындалды.

"№102А, 105А, 109А, 120АИ 110кВ-ЭЖ-ні композитті сымға ауыстырумен және №120АИ 110кВ-ЭЖ-нің "Бесағаш" 220кВ-ҚС-ға кіріс-шығысымен қайта құрылымдау" жұмыстары аяқталды. 2019 жылы №166А "Бесағаш" 220/110/10кВ-ға төселген кіріс-шығыстың №120АИ 110кВ-КЖ жұмыс кернеуіне қосылды. 2020 жылы мыналар сатып алынды және жөнделді: 110кВ-тық 6 ток трансформаторы (элегазды ТОГФ-110), үш полюсті РГ-1,2 айырғыш, ВГТ-110III-40/3150У1 элегазды ажыратқыш. 110кВ -ЭЖЖ-ні қайта құрылымдау - 3-АЖЭО автотрансформаторларының жүктемесін азайтуға және №16И "НЯЦ" ҚС - 3-АЖЭО 110кВ торап транзитінің өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

**2021-2024 жылдары «АЖК» АҚ электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға және тораптардың өткізу қабілетін арттыруға бағытталған электр желілерін салу және қайта құрылымдау бойынша бірқатар жобаларды іске асырды.**

Мыналар бойынша іс-шаралар орындалды:

Алматы облысы Қарасай ауданының «Қаскелең» 220 кВ ҚС 110 кВ-АТҚ-ға қосумен «Көкөзек» 110/10 кВ ҚС салу №19А ҚС-дан жаңадан салынған «Мамыр» ҚС-ға, сондай-ақ, №5А, №17А және №132А ҚС-дан «Отырар» №163А ҚС-ға жүктеме ауыстыру; №6А ҚС, №3А ҚС (№168А ҚС), 42-БП және басқа желі телімдерінде 10-6-0,4 кВ тораптарды 10 кВ кернеуге ауыстыру; 1, 2, 4, 6 ЭТА-лар бойынша электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында артық жүктемелі және нормативтік мерзімін өтеген 10 кВ КЖ ауыстырумен тарату желілерін қайта құрылымдау және жаңадан салу; тарату пункттері мен трансформаторлық қосалқы бекеттерді жаңадан салу және қайта құрылымдау; маймен істейтін және ДжҚТЖ ажыратқыштарды элегазды және вакуумдық ажыратқыштарға ауыстырумен, РҚЖА мен ЭКЕАЖ құрылғыларын жаңғыртумен қосалқы бекеттерді жаңғырту;

Есік, Қарасай және Өтеген Батыр ЭТА-ларда трансформатор қуаттарын ұлғайтумен СКТП-10/0,4 кВ- ны КТПН-10/0,4 кВ-ға ауыстыру; «ақылды» ажыратқыштар орнатумен 6-10 кВ ұзартылған желілерді оңтайландыру. Көрсетілген іс-шараларды іске асыру қосарланған трансформацияны болдырмауға, электр энергиясы ысыраптарын азайтуға және Алматы қ. мен Алматы облысы тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға

**2025 жылғы қызыл айдағы жобалар аяқталды және пайдалануға берілді:**  
3а 2021, 15, 2024 жылдары бойынша ЭЖЖ-на өзгертілді желілер қайта құрылымдау және жаңадан салу, элементтер және БП-ТҚС-КТП-нің қайта құрылымдауында 538 дана трансформаторлық қуаттық 126 МВА іске қосылды;

1,6 ЭТА-лар бойынша 10-6-0,4 кВ электр желілерін қайта құрылымдау және жаңадан салу, электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында артық жүктемелі және нормативтік мерзімін өтеген КЖ ауыстыру; ф.3-111А 10 кВ-ЭЖ схемасын өзгерту үшін 10 кВ-ЭЖ салу, Балқаш ауданы, Топар ауылы;

«АЖК» АҚ теңгеріміндегі облыстық ЭТА-лардың ЭКЕАЖ, 6/10 кВ ТМ дамыту, - «Электр энергиясын және телемеханика құрылғыларын коммерциялық және техникалық есептеудің автоматтандырылған ақпараттық-өлшеу кешені» 1-ші және 2-ші кезектер; «0,4-10 кВ-ЭЖ және 10/0,4 кВ-ТҚС қайта құрылымдау» ӨБЭТА, Түймебаев а.» толық аяқталған кешенді жұмыстар.

**В 2025 жылы төселген 10 кВ-КЖ - 296,999 км, қолданыстағы ТҚС-лар жаңа КТПБ-ға ауыстырылды - 17 дана, қолданыстағы ТҚС-лар қайта құрылымдалды - 23 жиынтық, ТҚС-да телемеханика шкафтары орнатылды - 541 дана, облыстық ҚС-ларда ЖЖ байланыс шкафтары жөнделді- 10 жиынтық, ӨҰОС ілінді - 35,69 км, смонтированы ячейки типа К-59 типті КРУН-10 кВ ұяшықтары жөнделді- 1 жиынтық, облыстық ҚС-ларда телемеханика шкафтары жөнделді- 8 жиынтық.**

## **2025 ж. г Инвестициялық бағдарламаны іске асыру тиімділігі:**

Электр тарату желілері жабдығының тозуының азаюы 0,9% (85,3% дан 84,4% дейін) құрады  
Электр желілерінде апатты ажыратулар мен істен шығулар санының азаюы 9,33 % (3 238 ден 2 936 дейін) құрады

Электр энергиясын беру және бөлу кезінде 2024 жылмен салыстырғанда 2025ж. ысыраптар 0,12%-ға азайды (12,71% дан 12,59% дейін).

# 3 2025 ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР БОЙЫНША БЕКІТІЛГЕН ТАРИФТІК

## СМЕТА КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.

Уәкілетті орган 2025 жылғы наурызда және шілдеде «АЖК» АҚ үшін тарифтік смета көрсеткіштерін, сондай-ақ, 2025 ж қайта қарады.

Өзгерістер «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 22-бабы 1-тармағына сәйкес «АЖК» АҚ берген өтінімге байланысты келесі негіздер бойынша енгізілген:  
 стратегиялық тауарлардың құнының өзгеруі (ЖСа тарифтері, электр қуатының жүктемені көтеруге дайын болуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтердің құны);  
 бір жылғы қалыптасқан статистика деректері бойынша өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір қызметкердің номиналды орташа айлық еңбекақысының өзгерісі;

Технологиялық жағынан байланысқан шартты-ауыспалы шығындарды түзетумен көлемдердің ұлғаюы;  
 4) мемлекеттік бағдарламаларды және (немесе) ұлттық жобаларды іске асырумен байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаның, сондай-ақ, мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының өзгерісі.  
 Бұдан басқа, 2024 жылғы қорытындылары бойынша Уәкілетті орган 5 пайыздан аса бекітілген тарифтік смета шығындарын және бекітілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларын орындамағаны үшін өтемдік тариф белгілеген - 13,99 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз) 01.10.2025ж. бастап 31.12.2025ж. дейінгі мерзіммен.

- «АЖК» АҚ 2025 жылға бекітілген тарифтері:  
 - 01.01.2025ж. бастап - 10,60 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз);  
 - 01.08.2025ж. бастап - 14,25 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз);

№	Көрсеткіштердің атауы	2025ж.	2025ж.		ауытқу. %	Ауытқу себептері
			Бұт. ТС	Факт		
I	Барлық шығындар	млн. теңге	89 025	97 424	9,4%	Шығындардың өсуі негізінен Жалғыз сатып алушыдан электр энергиясының тарифінің өсуімен байланысты. Тарифтік сметада Жалғыз сатып алушыдан 22,01 теңге/кВтс қарастырылған, дерек бойынша Жалғыз сатып алушыдан тарифі 27,17 теңге/кВтс құрайды, 23% немесе 5,16 теңгеге өсумен. Бұдан басқа, есептік кезеңде «KEGOC» АҚ ұлттық электр желісін пайдалану баптар бойынша шығындардың өсуі туындады (тарифтің 21% өсімі электр қуатының жүктемені көтеруге дайын болуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді сатып алу (көлемнің 13% және тарифтің 4% өсімі есебінен), ЖЖМ қорғау жөніндегі шығындар (ЖЖМ және жеке қорғаныс құралдарының өсімінен).
II	Пайда	млн. теңге	36 360	30 240	-16,8%	Шығындардың 9% өсуі есебінен пайданың азаюы
III	Барлық табыс	млн. теңге	125 385	127 664	1,8%	Электр энергиясын беру көлемінің өсуі есебінен реттелмелі қызметтердің өсуі. Электр энергиясын беру көлемінің өсу себебі: шағын және орташа экономикалық белсенділіктің өсуі, температуралық фактор.
IV	Көрсетілетін қызметтер көлемі	млн.кВт.с	9 724	9 947	2,3%	
V	Нормативтік техникалық ысыраптар	%	12,59%	12,59%	-	- 01.01.2025ж. бастап – 10,60 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз); - 01.08.2025ж. бастап - 14,25 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз); - 01.04.2025ж. бастап – 12,96 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз); - 01.10.2025ж. бастап – 13,99 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз) – ҰӨТ.
VI	Тариф (ҚҚС-сыз), іске қосумен	теңге/кВт.с	12,89	12,83	-0,5%	

13.08.2019 ж. №73 Табиғи монополия субъектілерінің қызметті жүзеге асыру ережесінің 5-қосымшасының 2-үлгісі бойынша ақпарат бөлек файлда ұсынылады. 2-қосымша (2025 жылғы бекітілген тарифтік сметаны баптар бойынша орындау)

#### 4. 2025 Ж. ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН СЕНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН САҚТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.

#### 5. 2025Ж. ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯ СУБЪЕКТІСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛЖЕТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштерін бекіту және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат - тарифтерді тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып бекіту кезінде қарастырылған.

"АЖК" АҚ үшін 2025 жылға тариф пен тарифтік смета тарифтік реттеудің шығынды әдісі бойынша бекітілген, сәйкесінше "АЖК" АҚ үшін 2025 жылға реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштері және қызмет тиімділігінің көрсеткіштері бойынша жетістіктері бекітілмеген.

2025 жылғы қорытындылар бойынша апаттылық және э/э жіберілмей қалуы мынадай көрсеткіштерді құрады:

- Апаттылық көрсеткіші- 2 936 бірл., 2024 жылмен салыстырғанда 9,33%-ға азайған;
- э/э жіберілмей қалу көрсеткіші- 2 600 мың кВтс.
- 2025 жылға электрмен жабдықтау сенімдігі көрсеткіштері SAIFI - 2,55; SAIDI - 3,06.

(Электрмен жабдықтау сенімдігі көрсеткіштерінің нормативтік шектік мәндері SAIFI – 3,7; SAIDI - 3,7).

Теріс әсер еткен факторлар:

- ауа райы жағдайларының нашарлауы, күшті желдің ұйытқуы (24 м/с асады),
- коммуналдық меншіктен Компания теңгеріміне қабылданған иесіз тораптардың қанағаттанарлықсыз жай-күйі (көбінесе бау-бақша серіктестіктерінің және кейбір тұрғын үй кешендерінің);
- Алматы қаласы мен Алматы облысында тұтынушылар санының ұлғаюы. Жаңа тұрғын үй кешендерінің, қалалық инфрақұрылымның құрылысы, қала орталығында нүктелік тығыздағыш құрылыс, «АЖК»АҚ тораптарына жаңа 10/0,4кВ-ТҚС және 10кВ-КЖ қосу. Алматы қаласының 6-10кВ кәбілдік тораптарының көпшілігі 40 жылдан аса уақыт пайдаланылған және тозған.

## 6. 2025 Ж. ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ .


млн.тенге

Түсім	Қызметтердің өзіндік құны	Жалпы пайда	Қаржылық және басқа да кірістер	Жалпы әкімшілік, басқа да қаржылық шығындар	Пайда (салық салынғаннан кейін)
129 111	95 289	33 822	1 687	3 785	26 361

## 7. 2025 ж. қорытындылары бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы.

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлш. Бірл.	2024ж. нақты көрсеткіштер	2025 жыл		2025ж. бекітілгеннен ауытқу, в %	2024ж. нақты ауытқу
				Бекіт.ТС	Факт		
1	Реттелмелі қызметтердің көлемі	млн.кВт.с	9 259	9 724	9 947	2%	7%

№	Тұтынушылар	2025 жыл	
		Факт млн.кВт.с	Жалпы көлемнің үлесі
	<b>Электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсету</b>	<b>9 946,992</b>	<b>100,00%</b>
1	«АЖК» АҚ Филиалы - «Энергосбыт»	9 794,762	98,47%
2	«Алматы Электр Станциялары» АҚ	77,200	0,78%
3	«Алматы Халықаралық әуежайы» АҚ	50,934	0,51%
4	«КазФерросталь» АҚ	4,635	0,05%
5	АМЭС АО «KEGOC» АҚ АЭАЭЖ	0,886	0,01%
6	«Мойнақ ГЭС» АҚ	3,401	0,03%
7	«Қазақстан темір жолы» «Ұлттық компаниясы» АҚ филиалы- «Магистральдық желі дирекциясы»	10,762	0,11%
8	«ҚТЖ – Жүк тасымалдары» ЖШС	2,191	0,02%
9	«Индустриалдық аймақ – Алматы» ЖШС	2,221	0,02%



"04.07.19 ж. №165-IV жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы "ҚР Заңының 9-бабының 7) тармақшасына сәйкес," АЖК " АҚ электр энергиясын өтеусіз негізде беру бойынша қызметтер көрсетеді. 2025 жылдың қорытындылары бойынша "АЖК" АҚ желілері бойынша электр энергиясын берудің жиынтық көлемі өтеусіз негізде 442,95 млн.кВтс. құрады.18 тұтынушы бойынша бұл шамамен 5 689 млн. теңге (01.01.2025ж. бастап – 10,60 теңге/кВтс.; 01.04.2025ж. бастап – 12,96 теңге/кВтс; 01.08.2025ж. бастап- 14,25 теңге/кВтс; 01.10.2025ж. бастап – 13,99 теңге/кВтс. (ҚҚС-сыз) – УӨТ. тариф 01.01.2025 ж.бастап қә 10,6 теңге/кВтсағ; 01.07.2023 ж. бастап – 8,30 теңге/кВтсағ).

## 8. РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТҰТЫНУШЫЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

- Электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтерді сапалы және үздіксіз ұсыну және тұтынушылардың көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттануын арттыру;
- Сұратылған көлемде тұтынушыларға қуат беру (техникалық шарттар беру);
- Тораптарға қосылу рәсімін оңайлату шеңберінде тұтынушылар үшін "техникалық шарттарды алу" рәсімін онлайн режимге көшіру жөніндегі бағдарлама енгізілді. [www.azhk.kz](http://www.azhk.kz) сайтында электр тораптарына қосылу рәсімі бойынша барлық ақпарат қолжетімді, электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы өтініштер беру және дайындалған техникалық шарттарды алу мүмкіндігі бар және ТШ-ның орындалғаны туралы хабарламаны қашықтықтан беруге мүмкіндік туғызылды;
- 2025 жылы жеке кабинет арқылы 1984,908 МВт қосылатын қуатқа ЭЦҚ арқылы 25885 дана ТШ берілді;
- Тұтынушылар үшін [www.azhk.kz](http://www.azhk.kz) сайттың көмегімен қабылдау-тапсыру жұмыстарын жүргізуге хабарламаны қашықтықтан беру мүмкіндігі қамтамасыз етілді;
- Тұтынушылармен электрмен жабдықтаудың жария шарттарын жасасу жобасы іске асырылды. Қазіргі уақытта электрмен жабдықтаудың жария шарттары тұтынушының қатысуынсыз проактивті режимде жасалады. "АЖК" АҚ ЭТА қызметкерлері барлық қажетті құжаттарды «АЖК» АҚ Филиалы - Энергосбыт» АЭТБ-ға өз бетінше тапсырады. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асырғаннан кейін тұтынушылар үшін техникалық шарттардың орындалуы туралы электрондық хабарлама енгізілді. Енді тұтынушылар "АЖК" АҚ-ға [www.azhk.kz](http://www.azhk.kz) сайт арқылы қабылдау-тапсыру жұмыстарын жүргізу үшін техникалық шарттарды толық орындағаны, кернеуді беру және электр энергиясын есепке алу аспабын пломбалау туралы хабарлай алады.
- "АЖК" АҚ персоналы "АЖК" АҚ Кеңсесіне келіп түскен тұтынушылардың өтініштерін қарайды. 2022 жылдың сәуір айынан бастап "АЖК" АҚ "Е-Өтіпiш" азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасына қосылды. Сондай-ақ Алматы қаласы әкімдігінің сайтына, "АЖК" АҚ сайтына келіп түскен өтініштер қаралады. Өтініштерде баяндалған фактілерді растау үшін қажет болған жағдайда (желілердің жай-күйін тексеру, кернеуді өлшеуді орындау және т. б.) "АЖК" АҚ ЭТА персоналы сол орындарға баруды жүзеге асырады.

# 9. ҚЫЗМЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТУРАЛЫ (ДАМУ ЖОСПАРЛАРЫ): 2026-2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «АЖК» АҚ-НЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

2025 жылы тарифті бекіту шеңберінде 2026-2030 жылдарға арналған Инвестициялық бағдарлама бекітілді. Түзетулерді ескерумен күрделі 2026-2030 жылдары күрделі салымдардың жалпы көлемі **322 608 млн.тенге** құрайды.

Атауы	2026	2027	2028	2029	2030	Барлығы 2026-2030 жж.
2026-2030 жылдарға бекітілген Инвестициялық бағдарлама (өз қаражаты)	46 738	54 833	63 321	72 885	84 830	322 608

## 2026-2030 жылы 2026-2030 жылдарға Инвестициялық бағдарламаның негізгі іс-шаралары :

### Алматы қаласы бойынша:

- ✓ Жаңа қосалқы бекеттер салу – 1 дана: «Комсомол» 110/10кВ ҚС;
- ✓ Қолданыстағы қосалқы бекеттерді қайта құрылымдау – 7 дана: «АХБК» № 7А 220кВ-ҚС, «Шоссейная» №46А 110кВ-ҚС, «Новозападная» 110кВ-ҚС, «Радиостанция РВ-90» №9А 35кВ-ҚС, №21А «Ипподром» №119А 110кВ-ҚС, «Қоянқөз» №154А 220кВ-ҚС-да КРУЭ-110кВ салу, «Бесағаш» №166А 220кВ-ҚС-да КРУЭ-110кВ салу, №: 17А, 52А, 128А, 86А, 15А, 47А, 118А, 63А - ҚС-да БДӨР (Басқарылатын доға өшіргіш Реактор) орнату;
- ✓ 220/110/35 кВ және жоғары ЭЖЖ жаңғырту және қайта құрылымдау – 53,79 км;
- ✓ 10/6/0,4кВ электр желілерін жаңғырту және қайта құрылымдау – 853,16 км.

### Алматы облысы бойынша:

- ✓ Жаңа қосалқы бекеттер салу – 4 дана: «Тірек» 220/110/10кВ ҚС, «Ащыбұлақ» 110/10кВ ҚС, «Көлді» 110/10кВ ҚС, «Жалқамыс» 110/10кВ ҚС;
- ✓ Қолданыстағы қосалқы бекеттерді қайта құрылымдау – 10 дана: «Қапшағай» №62А 220кВ ҚС, «Шелек» №68И 220кВ ҚС, «Западная» №140А 220кВ ҚС, «Қараой» №93А 110кВ ҚС, «Түрген-Западная» №34И 110кВ ҚС, «Балтабай» №35И 35кВ ҚС, «Сарыжаз» №80И 110кВ ҚС, «КГЭС» №57А 110кВ ҚС, «Қарой» №84А 35кВ ҚС, «Қазыбек бек» №115А 110кВ ҚС;
- ✓ 220/110/35 кВ және жоғары ЭЖЖ жаңғырту және қайта құрылымдау – 186,96 км;
- ✓ 10/6/0,4кВ электр желілерін жаңғырту және қайта құрылымдау – 1313,31 км.

Алматы қ. мен Алматы облысында тарату желілері мен жабдықтарды күрделі жөндеу – 611,36 км.

## Инвестициялық бағдарламаның мақсатты көрсеткіштері:

- ✓ 2026-2030 жылдардағы Инвестициялық бағдарламаны орындау есебінен «АЖК» АҚ электр желілерінің тозуын азайту шамамен – **4,49%** құрайды.
- ✓ 2026-2030 жылдардағы Инвестициялық бағдарламаны орындау есебінен «АЖК» АҚ ысыраптарын азайту шамамен – **2,53%** құрайды.
- ✓ 2026-2030 жылдардағы Инвестициялық бағдарламаны орындау есебінен «АЖК» АҚ апаттылығын азайту шамамен – **15,88%** құрайды.

## 9.1. ҚЫЗМЕТ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТУРАЛЫ: ОНЫҢ ІШІНДЕ ТАРИФТЕРДІҢ ЫҚТИМАЛ ӨЗГЕРІСТЕРІ

✓ Уәкілетті орган «АЖК» АҚ үшін 2026 жылға электр энергиясын генерациялау бойынша реттелмелі қызметке келесідей тарифтерді іске қосумен бекітті:

✓ 1-қаңтардан бастап – 13,65 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз);

✓ 1-сәуірден бастап – 15,42 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз).

Уәкілетті органның тарифке енгізген өзгерістері «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 22-бабы 1-тармағына сәйкес «АЖК» АҚ берген өтінімге байланысты келесі негіздер бойынша енгізілген:

- 1) стратегиялық тауарлардың (электр энергиясы) құнының өзгеруі, келесілер ескеріле отырып:
  - ✓ АЖК тарифіндегі шығындардың 18%-ға ұлғаюына әсер ете отырып, Жалғыз сатып алушының электр энергиясының және жаңғырмалы электр энергиясы көздерінің құнының өсуі (бұрын бекітілген – теңге/МВт, 1 сәуірден бастап өзгертілген – теңге/МВт);
  - ✓ АЖК тарифіндегі шығындардың 6%-ға ұлғаюына әсер ете отырып (бұрын бекітілген – 1 439 381 теңге/кВтс, 1 сәуірден бастап өзгертілген – 1 560 850 теңге/кВтс), 2026 жылға электр қуатының жүктемені көтеруге дайын болуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметке арналған бағалардың;
  - ✓ АЖК тарифіндегі шығындардың 1%-ға ұлғаюына әсер ете отырып (бұрын бекітілген – 2,860 теңге/кВтс, 1 сәуірден бастап өзгертілген – 2,882 теңге/кВтс), 2026 жылға «KEGOC» АҚ ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметке арналған бағалардың.
    - 5) «АЖК» АҚ ұсынатын реттелмелі қызметтер көлемінің ұлғаюы, шартты-ауыспалы шығындарды түзетумен;
    - 9-1) субъектілердің реттелмелі қызметтер ұсынуы кезінде жергілікті атқару органдарынан, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органдардан технологиялық циклде қолданатын мүлікті сенімгерлік басқаруға алу;
- Сондай-ақ, №90 Тарифтерді құру қағидаларының 602-тармағына - Жалғыз сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу бағасының айырмасынан алынған алдыңғы аяқталған мерзімге нақты шығындардың пайда болуы.

### НҚА сәйкес " АЖК " АҚ үшін оның қызмет мерзімі аяқталғанға дейін Тарифтердің ықтимал өзгерістері:

- «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 22-бабы 3-тармағына сәйкес: тариф өзгерістері уәкілетті органның бастамасы бойынша жылына екі реттен артық емес, табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша жылына бір реттен артық емес жүзеге асырылады.
- Табиғи монополия субъектісі үшін белгіленген Заңның нормасын ескере отырып, 2026 жылға тариф өзгерісі уәкілетті органның бастамасы бойынша негіздер бойынша болуы мүмкін, оның ішінде:
  - субъект ұсынатын реттелмелі қызметтер көлемінің ұлғаюы;
  - субъектінің уәкілетті орган ведомствосы бекіткен тарифтік сметасында қарастырылған нақты шығындардың қысқаруы;
  - Қазақстан Республикасының салық заңнамасының тиісті өзгеруі;
  - Инвестициялық бағдарламаның сомасының кемуі жағына өзгеруі;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төтенше жағдайдың жариялануы.
- Бұдан басқа, «АЖК» АҚ энергетикалық және коммуналдық секторларын жаңғырту бойынша ұлттық жоба аясында уәкілетті орган бекіткен тарифтің қызмет мерзімі аяқталғанға дейін оны өзгертуге қосымша өтінім жолдауға мүмкіндігі бар.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**